

**«Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі» КММ
Қамқоршылық кеңесі отырысының
№5 Хаттамасы**

« 23 » 12 2024 ж.

Толық атауы: Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі» КММ Қамқоршылық кеңесі

Орналасқан жері: Шахтинск қаласы, Ленинградская көшесі 52А

Өткізетін орны: Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі

Қатысқандар:

1. М.Ж. Аккулова – директор

2. Н.М. Мухаметжанова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Даткина Жулдыз Каригуловна

2. Серикбаева Меруерт Алхановна

3. Бариева Жазира Асыгатовна

4. Кайдарова Акжаркын Ерболовна

5. Сарсенова Альфия

6. Жунусова Замзагул Жаксылыковна

7. Тилеубек Аманжол

8. Культасова Эльвира Бейбитовна

9. Буркитбай Ляйла

10. Тилеубекқызы Аякуз

11. Мейрамова Баян Аділқызы

12. Тоханов Мақсат Жұмабайұлы

13. Майдина Асия Исмагуловна

14. Зайнулинова Меруерт Эрмухаммедовна

15. Эшмаханова Ойжан Одировна

Хатшы : Ж.Ахмағанбетқызы

Күн тәртібі:

1. Мектепшілік ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағдарламасын талқылау

2. Мектепте оқушылардың денсаулығын сақтау үшін жағдай жасау:

3. Оқушылардың ыстық тамағының сапасын бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

4. Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың, буллингтің (кибербуллингтің) алдын алу іс-шаралары.

5. Жаңа жылдық мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру, оқушылардың қысқы қауіпсіздік ережелін сақтау.

1- Мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшесі Л.Буркитбай сөйледі:

Мектепшілік ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жоспар бойынша ДТІЖО Н.Мухаметжанова мұғалімдерге, қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы жадынамалармен таныстырылып, қол қойылды. Оқушылар арасында Адалдық сағаты арнайы тәрбие сағаттар ұйымдастырылып отырады. 8-9 сыныптар арасында «Жемқорлыққа жол жоқ!» атты буклеттер байқауы ұйымдастырылып, марапаттар берілді. Мектептің 2-ші қабатында Адалдық дүкені жұмыс істейді. Яғни оқушылар өздері қалаған оқу-құралдарын алып, ақшасын арнайы жәшікке салады.

Шешімі: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында ДТІЖО Н.Мухаметжанова және аға тәлімгер Л.Буркитбаймен жұмыстар атқарылсын. Дауыс берді:

«Иә» - 15

«Жоқ» - 0

«Қалыс қалды» - 0

2- мәселе бойынша қамқоршылық кеңесі төрайымы Ж.Даткина сөйледі:

Мектепте оқушылардың денсаулығын сақтау мақсатында ІІ-тоқсан басында І-сынып оқушыларын қалалық емхананың мамандары келіп, медициналық тексерістен өткізді. Сондай ақ оқушының жас ерекшелігіне қарай меткеп медбикесі арнайы кесте бойынша скрингтік тексеріске апарып отырады.

11-13 жастағы қыз балалардың ата-аналарына бала дәрігері А.Спатаева және қалалық емхана өкілдері АПВ вирусына қарсы вакцинамен таныстырды. АПВ қарсы вакцинаны алуға келісім парағы таратылды. Әлі де үгіт-насихат жұмыстары жалғасуда.

Шешімі: Оқушыларды кесте бойынша скрингтік тексерістен меткеп медбикесі өткізсін. АПВ вакцинасы жайлы ақпараттар өз жалғасын тапсын.

Дауыс берді:

«Иә» - 15

«Жоқ» - 0

«Қалыс қалды» - 0

3- мәселе бойынша қамқоршылық кеңесі мүшесі А.Тилеубекқызы:

Тамақтанудың сапасын бақылау мониторингі бойынша комиссиясының жұмыс жоспарына сәйкес тамақтанудың натуралдық нормаларын сақтауды бақылау жұмыстары жүргізілді.

1. Балаларды тамақтандырудың негізгі рационы бекітілген перспективаның ас мәзіріне сәйкес. Ас тағамдарын дайындау тамақ өнімдері тізімі, олардың массасы, химиялық құрамы, тағамның дайындалу технологиясы көрсетілген технологиялар карталар арқылы, тағам картотекаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Тағамдар порциясының массасы жас ерекшеліктеріне сәйкес. (6-10 жас, 11-14 жас, 15-18 жас). Олардың салмағын анықтауда оқушылардың түскі ас мәзірінен әр тағамның 5 порциясы таңдалып алынып, комиссия өлшеу жүзеге асырылды. Тағам порцияларын өлшеу нәтижесі дайын өнімнің ас мәзіріне сәйкес екендігін анықтады.

3. Негізгі өнімдерді (май, ет, балық т.б.) тамақ дайындауда пайдалану дұрыс жолға қойылған.

4. Дайын өнімді ұсыну тек қана тиісті пробаны (үлгі) алғаннан соң, медкызметкердің бракераждық журналға тағамды пайдалануға рұқсат ету жазбасын жүзеге асырғаннан кейін жүзеге асырылады.

5. Көрсетілген ас мәзірі мектеп оқушыларын тамақтандырудың біртекті +, - нормаларына сәйкес екендігін анықтады.

6. Оқушылардың ас мәзіріне жүйелі түрде ет, сүт, балық өнімдерінен дайындалған тағамдар енгізілген, бір өнімнің бір күнде қайталана беруі қатаң бақылауға алынған.

7. Әр күні тамақ өнімдері көрсетілген ас мәзірі дайындалады, онда порциялары граммда көрсетілген және әрбір тағамды дайындауға пайдаланылған өнімдер мөлшері жазылады. Ас мәзіріне талдау, тамақ калориясының дайындау технологиясының ережелерге сәйкес екендігін көрсетті.

8. Оқушыларды біртекті ыстық тағаммен қамтамасыз ету құны күніне орташа 464 теңге.

Шешімі: Оқушыларды сапалы тамақтандыру мақсатында бракераж комиссиясы, сапа бақылау мониторингі жоспарлы жүргізілсін

Дауыс берді:

«Иә» - 15

«Жоқ» - 0

«Қалыс қалды» - 0

4-мәселе бойынша жергілікті өкілді органның өкілі А.Тилеубек: Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың, буллингтің (кибербуллингтің) алдын алу іс-шаралары жан-жақты жүргізілуде. Психолог-педагогтар арнайы сауалнама өткізді:

5-6 сыныптар арасында Буллинг деген не?

7- сыныптар Қарым-қатынас жасау мәдениеті. Зорлық-зомбылық және қорлау: алдын алу және қорғану

8-сыныптар «Қарым-қатынасты нығайту» (суицидтің алдын алу)

10-сыныптар «Эмоцияны басқару, жаңа ортаға бейімделу» (суицидтің алдын алу)

26 қараша-10 желтоқсан арасында «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» ақпараттық науқан аясында мектеп инспекторлары «Буллингтен қорған», «Кибербуллингтен аулақ бол» дәрістер оқып, бейнероликтер көрсетті. 5-7 сыныптар арасында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында суреттер байқауы ұйымдастырылса, 8-10 сыныптар арасында «Мен өмірді сүйемін» эссе байқауы ұйымдастырылып, марапатталды.

Балалардың қауіпсіздігі қыркүйек-желтоқсан айларында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында әр аптадағы тәрбие сағаттарында арнайы қауіпсіздік сабағына 10 минут берілген. Мектепті ҚР Білім және Ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы №235 бұйрығына сәйкес жалпыға бірдей құқықтық тоқыту бойынша нұсқама өткізілді. қыркүйек-желтоқсан айларында Оқушыларға қауіпсіздік ережелері таныстырылып, арнайы бланкке қол қойғызылды.

24 қазанда «Күзгі демалыстағы қауіпсіздік ережелері» тақырыбында Мұғалімдер арасында «Бала қауіпсіздігі – қоғам келешегі» баяндама жасалды. Әр сыныптың ата-ана жиналысында Бала қауіпсіздігі жайлы арнайы айтылып, Балалардың ұялы телефонына «Ата ана бақылауы» орнатылуы ескертілді.

Сонымен қатар сынып жетекшілер Әр тәрбие сабағында 10 минуттық қауіпсіздік сабақтарын өткізеді

5-6 сыныптар үшін 11 қарашада ТЖ кезінде қауіпсіздік жүріс-тұрыс негіздеріне оқыту жүргізілді. Негізгі мақсаттар: өрт кезіндегі қауіпсіздік, жүріс-тұрыс

ережелерін бекіту, және ТЖ іс қимылдарына дайын болудың маңыздылығын түсіну болды. Оқу барысында оқушылар өр қауіп мен құтқарушылар қызметімен танысты

Шешімі: Кәметке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың, буллингтің (кибербуллингтің) алдын алу іс-шаралары өз жалғасын тапсын. Оқушылар арасында зорлық-зомбылық жағдайы байқалған жағдайда Зорлық-зомбылықты тіркеу журналына жазылып, аранйы шара қолданылсын.

Дауыс берді:

«Иә» - 15

«Жоқ» - 0

«Қалыс қалды» - 0

5 мәселе бойынша ДТІЖО Н.Мухаметжанова: Биылғы жаңа жылдық мерекелік іс-шаралар аранйы сценарий бойынша театрландырылған бағдарламамен өтеді. 26-27 күндері Акт залында мерекелік шыршаға буын бойынша сыныптар топтасып жаңа жылды тойлайды. Аяз ата ақша қармен ертегі кейіпкерлерімен қойылым қойылады. Жоғары сынып оқушыларына акт залында би кеші ұйымдастырылып, кезекші мұғалімдер бекітілді.

23 желтоқсан күнгі тәрбие сағатында «Жаңа жылдық қауіпсіздік ережелері», «От шашудан сақ бол!» тақырыбында қауіпсіздік сабақтары өткізілді.

Шешімі: Жаңа жылдық мекерекені тойлау барысында қауіпсіздік шаралары қатаң сақталсын.

Дауыс берді:


«Иә» - 15

«Жоқ» - 0

«Қалыс қалды» - 0

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:














Хатшы:



Ж.К.Даткина

Ж.Ахмағанбетқызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Серикбаева Меруерт Алхановна 
2. Бариева Жазира Асыгатовна 
3. Кайдарова Акжаркын Ерболовна 
4. Сарсенова Альфия 
5. Жунусова Замзагул Жаксылыковна 
6. Тилеубек Аманжол 
7. Культасова Эльвира Бейбитовна 
8. Буркитбай Ляйла 
9. Мейрамова Баян Аділқызы 
10. Тоханов Мақсат Жұмабайұлы 
11. Майдина Асия Исмагуловна 
12. Зайнулинова Меруерт Эрмухаммедовна 
13. Эшмаханова Ойжан Одилловна 
14. Тилеубекқызы Аякуз 